

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 316 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 шілдедегі N 759 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 783 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.09.2015 № 783 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 316 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 14, 176-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту ережесі және қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарында:

2 - т а р м а қ :

"әрекеті" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен халықаралық тасымалдау Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады." ;

5-тармақ "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен толықтырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

"(рұқсаттың)" деген сөз алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша жарылғыш немесе күшті әсер ететін улы заттарды; азаматтық және қызметтік қаруды және оларға патрондарды, азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылған бұйымдарды тасымалдау кезінде ішкі істер органдары берген рұқсаттың бар болуы талап етіледі.";

9 - тармақ алынып тасталсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпті жүк тасымалын жүзеге асыруға ш а р т ж а с а л а д ы . " ;

4) тармақша "қауіп" деген сөзден кейін "және қауіпті жүкті бейтараптандыру" деген сөздермен толықтырылсын;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қауіпті жүкті тасымалдау шартын жасасу тауар-көлік жүкқұжатын ж а с а у м е н р а с т а л а д ы .

Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде тасымалдаушының үш данада жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы қол қоятын тауар-көлік жүкқұжаты болуы тиіс.

12. Тауар-көлік жүкқұжатының нысаны және оны қолдану тәртібі уәкілетті орган бекіткен автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережесімен айқындалады.";

13-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы қаулымен бекітілген қауіпті жүктердің тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жіберілетін 1, 6 және 7 кластық қауіпті жүкті тасымалдауға тасымалдаушы қауіпті жүкті тасымалдаудың бағытын әзірлейді.";

1 6 - т а р м а қ т а :

"тасымалдаудың" деген сөз "қауіпті жүкті тасымалдаудың" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіппен, қоршаған ортаға және мәдени құндылықтарға келтірілетін залалмен, сондай-ақ тасымалданатын жүктің қауіпсіздігіне байланысты күтпеген жағдайлар кезінде қауіпті жүкті тасымалдаудың келісілген бағытын тасымалдаушы жол полициясы органымен келісім бойынша өзгертуі мүмкін.";

1 8 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жасап шығарушы зауыттың конструктивті-техникалық сипаттамасы және қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының конструкциясына, жабдығына және техникалық жай-күйіне Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары;"

7) тармақша "Жол қозғалысы ережесіне" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік

құжаттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша "жарамды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

19-тармақтағы "автокөлік құралына техникалық тексеру жүргізген" деген сөздер "куәлік берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақтағы төртінші абзац "жүргізушілер үшін" деген сөздерден кейін " жол қағазына белгі қоя отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

22 - т а р м а қ т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы қаулымен бекітілген қауіпті жүктерді тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жіберілетін 1, 6 және 7 кластық қауіпті жүкті тасымалдау бағытының бланкісі (3-қосымша);";

8) тармақшадағы "көліктік" деген сөз "тауар-көлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-тармақтың екінші абзацында "белгі" деген сөз "тану белгісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-тармақтың бірінші абзацы "жүк жөнелтуші" деген сөздерден кейін "(жүк алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

30 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылыстары мен адамдардың көп шоғырланған жерінен кемінде 200 метр жерде немесе осыған арнайы бөлінген жерлерде тұруға рұқсат етіледі.";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының тоқтайтын және тұратын орындары қауіпті жүкті тасымалдау бағытында көрсетіледі.";

32-тармақтың 3) тармақшасындағы "денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға" деген сөздер "төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жарылғыш, тез тұтанатын, радиоактивті, улы және басқа да қауіпті жүктердің жөнелтушілері (жүк алушылары) жүктерді тасымалдау кезінде авариялық жағдайлардың алдын-алу, сондай-ақ авариялардың салдарларын жою үшін қажетті құралдары мен ұтқыр бөлімшелерінің болуы жолымен оларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 35-тармақпен толықтырылсын:

"35. Осы Ереженің сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыреті шегінде басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады."; көрсетілген Ережеге 3-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 шілдедегі
N 759 қаулысына

қосымша

Автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту ережесіне және қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарына

3-қосымша

Қауіпті жүкті тасымалдау бағытының бланкісі

КЕЛІСІЛДІ

Жол полициясы
басқармасының басшысы

өкілі

КЕЛІСІЛДІ

Жүкті жөнелтушінің

_____ лауазымы

_____ лауазымы

М.О.

_____ қолы

_____ қолы

200__жылғы "__" _____

200__жылғы "__" _____

Қауіпті жүк туралы мәліметтер

Жүктің атауы

"ҚЖ" тану

белгісі

Қауіпті жүктің класы

Қауіптілік N _____ | _____ |

БҰҰ тізімі бойынша заттың N _____ | _____ |

Бір көлік құралындағы жүктің жалпы салмағы _____ т.
Жүкті бір мезгілде тасымалдайтын көлік құралдарының саны _____ авт.

Қозғалыстың ерекше шарттары

1. Аралықтардағы қозғалыс жылдамдығы.
2. Пана (барлық бағытта, жекелеген учаскелерде)
3. Бірге жүру (барлық бағытта, жекелеген учаскелерде)
4. Түндегі қозғалыс (рұқсат етілген, тыйым салынған)

Қозғалыс бағыты

(елді мекендердің, көшелердің және автомобиль жолдарының атауы)

1. Жүк жөнелтушінің мекен-жайы және телефоны

2. Пункттердің мекен-жайлары және
жүк алушының телефондары

3. Олар арқылы көлік құралдары
өтетін авариялық қызмет пункттерінің
мекен-жайлары және телефондары

4. Қажет болған жағдайда
жүкті тапсыруға болатын
аралық пункттердің мекен-жайлары

5. Тұрақ орындары

6. Отын құятын орындар

7. Тасымалдаушы мен автокөліктің деректері

(атауы, Т.А.Ә, мекен-жайы және мемлекеттік нөмірі)

тасымалдаушы

(қолы және мөрі)

200_ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК